





Сейдахметов Жанахмет
1919 жылы қаңтарда Қостанай облысы Аманкелді ауданы Бестам елді мекенінде дүниеге келген. Серіктестікте, кейін колхозда жұмыс істеген. 1939 жылы әскер қатарына шақырылып, Смоленск қаласында әскери міндетін өтеп жатқанда Ұлы Отан соғысы басталады. Неміс басқыншыларымен сол жерде кескілескен ұрысқа қатысады. 1942 жылдың шілде айында Воронеж қаласының оңтүстігінде Дон өзенінің жағалауында 219 – дивизияның атқыштар батальоны немістердің шебін бұзып өтіп, Новый Оскол, Белгород, Волжанск қалаларын жаудан босатады. 1943 жылдың тамыз айында Дала фронтының әскерлері шебін бұзып, шабуылға шығып, Днепр өзені бойындағы Кремнчуг қаласын азат етеді. Осы ұрыста ауыр жараланып, госпитальда емделіп, сол жылдың аяғында елге оралады. «Ерлігі үшін» медалімен, I дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, бірнеше мерекелік медальдармен марапатталған. Елге келгеннен кейін

Андреев атындағы колхозда 14 жылдай бас есепші, кейін бригадир, Н.Крупская атындағы кеңшарда Есір мал бордақылау бөлімшесінің қойма меңгерушісі болып жұмыстар атқарған. 1992 жылы қайтыс болды.

